

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы  
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ -  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**  
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**II БӨЛІМ**

25 мамыр 2016 жыл

**СБОРНИК ТРУДОВ**

международной научной конференции молодых ученых  
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО  
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**  
под эгидой IX Астанинского экономического форума

**ЧАСТЬ II**

25 мая 2016 г.

**PROCEEDINGS**

of the international scientific conference of young scholars  
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC  
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**  
in the framework of the IX<sup>th</sup> Astana Economic Forum

**PART II**

25 may 2016

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)  
ББК 65.9(5Қаз)-551я431  
Ж 28

**Редакционная коллегия:**

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,  
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.  
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.  
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.  
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.  
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н., доцент Алибекова Б.А.  
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.  
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н.,  
доцент Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

**Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері:** Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

**Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации:** Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)  
ББК 65.9(5Қаз)- 551я431

ISBN 978-9965-31-762-0

Бизнес-періштелер өздерінің жеке қаржыларын қалыптасу кезеңінде (старт-ап) инновациялық жобаларға салатын жеке инвесторлар. Бұл кезең жаңалықтарды жүзеге асырушылар үшін ең тәуекелді кезең болып табылады.

Жалпы Қазақстандағы инновациялық кәсіпкерлік ахуалын жақсарту үшін:

- білікті кадрлар және жұмыс күшін дайындау жүйесін бекіту: кадрларды кәсіби біліктілігі тұрғысынан дайындау және қайта дайындау, кіші бизнес және өзін жұмыспен қамту саласында оқыту;

-инвестициялық үрдістерді басқаруды ұйымдастыруды жақсарту: басқару кадрларының кәсіби біліктілігін бекіту, қоғамдық бақылау үшін биліктің ашықтық дәрежесін көбейту, шенеуніктердің қызметін реттеу деңгейін жоғарылату керек [2].

Қазақстанда заманауи өнеркәсіптік саясаттың негіздері қалыптасты, шикізаттық емес экспортты ұлғайту және шикізаттық емес секторға инвестиция тарту есебінен экономиканы әртараптандыру басталды. Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, ғылыми-техникалық әлеует кез-келген мемлекеттің өркендеуінің кепілі. Қазақстан экономикасының инновациялық бағыттылығын арттыруда инновациялық даму саясатын сәтті жүзеге асырып жатқан елдердің тәжірибесін пайдаланудың маңызы зор. Дегенмен, ол тәжірибені елдің экономикалық, ғылыми-техникалық, табиғи-климаттық ерекшеліктеріне қарай таңдаған дұрыс. Дамыған елдердің инновациялық саясатын, негізгі ынталандыру шараларын зерттеп, соған қарай инновациялық үдерістерді жүзеге асыру шараларын тиімді қолдау және ынталандыру жүйесінің қазақстандық үлгісін қалыптастыру тиіс.

ҚР-да инновациялық кәсіпкерліктің даму көрсеткіштерін талдай отырып, төмендегідей қорытынды жасауға болады.

Отандық кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі шет елдермен салыстырғанда төмен күйінде сақталып келеді (2013 ж. мәліметтері бойынша (АҚШ-та 50%, Германияда - 79%, Швецияда 60%, Финляндияда 58%, ЕО елдерінде-53%). Бұл өз кезегінде, дайын өнімдер мен технологияларды сатып алуға, ендіруге жеке қаражаттарының жетіспеушілігімен байланысты.

#### **Әдебиеттер:**

1. <http://stat.gov.kz/>
2. <http://group-global.org/ru/publication/24274>

### **БӘСЕКЕЛЕСТІК ОРТАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

***Уринбаева Р.М., Кожухметов З.К.***

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: ziko10\_58@mail.ru

Нарықтық экономиканың басты ерекшеліктерінің бірі – жеке меншік қатынастары негізінде шаруашылық субъектілердің бәселелестігі болып табылады. Бәсекелестік – тауарларды өңдеу, сату және сатып алу үшін нарықтық шаруашылықтың мүшелері арасында неғұрлым жақсы жағдайлар үшін жүргізетін жаруашылық іс-әрекет.

Бәсекелестік экономикалық тұрғыдан ғылыми-техникалық прогрессті стимулдайды, ол өндіріске неғұрлым жетілген технологияларды енгізуге, сонымен қатар ресурстарды неғұрлым рационалды түрде жұмсауға өндірушілерді итермелейді. Ол, бір жағынан, тауар өндірушілердің жаңашылдық бастамаларын шаруашылық-өдірістік іс-әрекетінің жоғары нәтижелерімен ынталандырады; екінші жағынан, өндірістік-шаруашылық саладан белсендігі төмен шаруашылық субъектілерінің кедейленуі мен құлдырауына алып келеді [1].

Экономикалық теория тұрғысынан қарағанда, бәсекелестік ортаны екі деңгейге бөлуге болады ол – жетілген бәсеке ортасы және жетілмеген бәсеке ортасы. Қазақстанда әлі де болса жетілмеген бәсекелестік орта сипаты басым байқалады. Яғни, ірі компаниялар ұлттық нарықта негізгі «ойыншы» болуда, монополизмнің басымдылығы, олардың салдары ретінде өңдеуші өндіріс салаларының дамуының баяулығы, кіші және орташа кәсіпкерлік іс-әрекеті қарқынының төменділігі.

Жекешелендіру ұлттық экономикадағы мемлекеттік монополизмді шектеп, бәсекелестік ортаның қалыптасуына, кәсіпкерліктің дамуына тың серпін береді.

Осыған орай республикамызда экономикадағы мемлекет үлесін дамыған елдер деңгейіне дейін азайту арқылы бәсекеге қабілеттілікті арттыру, бизнестің дамуына дем беру мақсатында жекешелендірудің екінші кезеңі басталды. Бұл кезең Үкіметтің 2014 - 2016 жылдарға арналған жекешелендірудің кешенді жоспарын бекітуден басталды.

Онда, біріншіден, коммерциялық кіріс түсуге бейімделген мемлекеттік компанияларды жекешелендіру көзделді. Екіншіден, стратегиялық маңызы жоқ бейінді активтерді жеке секторға өткізумен қатар, холдингтер мен ұлттық компаниялардағы бейінді емес активтер мен нысандарды сатуды аяқтау қарастырылды. Осылайша мемлекет иелігін тиімді құрылым етіп қайта жасақтау мақсатында қалған мемактивтерді қайта құру жүзеге асырылуы тиіс. Нәтижесінде мемлекет иелігінде экономика саласында стратегиялық маңызы бар нысандар мен әлеуметтік қызмет көрсететін мекемелер ғана қалатынын жоспарлады [2].

Қазіргі күні аталған жоспарға сәйкес, мемлекет меншігіндегі мүлік пен активтер, ұлттық компаниялар мен холдингтердің нысандары жалпыға ортақ сатылымға шығарылуда. Үкіметтің 2014 жылғы 12 мамырдағы қаулысымен жекешелендіру бағдарламасы аясында «Самұрық-Қазына» АҚ-тың тізіміндегі 106 компанияның түрлі үлесі сатылды. Соның ішінде 5 компанияны IPO мен SPO-ға шығарылды. 2015 жылы «Қазақстан темір жолы» АҚ құрамындағы 4 компания, «Қазатомөнеркәсіп» АҚ құрамындағы 2 және «Қазақстан инжиниринг» АҚ құрамындағы 4 компания сатылымға шығарылды. Жалпы 2014-2015 жылдар аралығында бәсекелестік нарығына Қордың жалпы құны 50,8 млрд теңгені құрайтын 16 бейіндік емес активі және 19 нысаны шығарылды.

Елімізде қолға алынған жекешелендірудің екінші кезеңі барысында жеке меншікке сату, қайта жасақтау және мемлекеттік кәсіпорындарды жою арқылы республикалық мүліктік ұйымдар 28 пайызға қысқарса, әлеуметтік саладағы ұйымдарды есепке алмағанда ұйымдардағы мемлекеттің қатысуы 38 пайызға, ұлттық холдингтердегі мемлекеттік компаниялардың саны 36 пайызға қысқарады деп күтілуде [3].

Мемлекеттік компанияларды сату бәсекелестік нарығында жаңа ойыншылардың пайда болуына жол ашары сөзсіз. Оның ішінде жекешелендірудің осы жаңа кезеңі экономикамыздың кейбір салаларына жеке инвестицияларды тарту мүмкіндігі ретінде қаралып отыр. Сонымен қатар, жекешелендіру жекелеген тауар нарықтарында бәсекелестіктік ортаны дамуына ықпал етеді. Яғни, мемлекеттің жекешелендіру саясаты бәсекелестік ортаны қалыптастыруда маңызы зор.

Республикада мұнай өнімдері нарығы бірнеше компаниялармен монополияландырылған және қазіргі уақытта нарық субъектілері мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін (бензин, дизель отыны, авиакеросин) өткізу бойынша үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген.

Мұнай өнімдерінің көтерме саудадағы айналымы жаппай аффилиирленген компаниялар арасында жүзеге асырылады. Мұнай өнімдері әр қадам сайын бірте-бірте қымбаттай отырып, зауыттан авто жанар-жағармай құю станциясына (АЖҚС) дейін сатудың барлық тізбегінен өтеді. Агенттік тұрақтандыру шарасын қолдану шеңберінде ЖЖМ-ді өткізу нарығындағы бәсекелестік деңгейіне талдау жүргізді, онда бірқатар проблемалар анықталды:

- 1) бәсекелестіктің дамымағандығы;
- 2) мұнай өнімдерін өткізу нарығының жоғары аффилиирленуі;
- 3) мұнай өңдеу зауыттарының инфрақұрылымына шектеулі қол жетімділік;

4) Қазақстанның мұнай бойынша және жоғары октанды бензин, авиациялық керосин бойынша импортқа тәуелділігі, бұл аталған нарықтағы жағдайды толық көлемде реттеуге мүмкіндік бермейді;

5) бәсекелестікке қарсы келісілген іс-әрекеттердің болуы.

ЖЖМ-ді өткізумен айналысатын бірқатар нарық субъектілеріне қатысты материалдар бәсекелестікке қарсы келісілген іс-әрекеттер белгілері бойынша Қаржы полициясына берілді. Жүргізілген талдаулар мұнай өнімдерін тұтыну кезінде мұнай өнімдерін өндіру мен сұраныс құрылымы арасында белгілі бір теңгерімсіздіктің бар екендігін көрсетті, бұл өндіріс тапшылығының өсуімен сипатталады. Жоғары октанды бензин және авиациялық керосин тапшылығымен байланысты жүйелі проблемалар шешімін таппай отыр [3].

Соңғы жылдары жоғары октанды бензинді тұтынудың өскені байқалады: ішкі нарықтың жалпы өндіретін көлемінің 40 %-ға жуығын жоғары октанды бензинді импорт құрайды, бұл қазақстандық кәсіпкерлерді мұнай өнімдерінің тапшы көлемін импорттауға мәжбүрлейді. Бұдан басқа, еліміздің үш негізгі МӨЗ-і импортталатын мұнайды өндейді.

Павлодар мұнай-химия зауыты географиялық ерекшелігі бойынша батыс-сібір мұнайын (РФ) өндеу үшін құрылды және тек ресей мұнайымен жұмыс істейді. Сонымен қатар, Қазақстанда мұнай өндірудің үлкен көлеміне қарамастан (жыл сайын 65 млн. тоннаға жуық) ресейден шығарылған мұнайдың мұнай өндеудің жалпы көлемінің 30 %-ға жуығын Шымкент МӨЗ-і («ПетроҚазақстан ойл Продактс» ЖШС), 9 %-ға жуығын Атырау МӨЗ-і өндейді, бұл отандық мұнаймен салыстырғанда едәуір жоғары баға бойынша импортталады және елдегі мұнай өнімдерінің соңғы құнының көтерілуіне әкеледі.

Мұнай өнімдерін өндіру және тұтыну көлемдерін дұрыс теңгерілмеуден зауыт қоймаларында мұнай өнімдерінің белгілі бір төмен октанды түрлерінің артық қорын сақтаумен байланысты тағы бір проблема бар, бұл МӨЗ-дің толық қуатта жұмыс істеуіне мүмкіндік бермейді. Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлеріне бағаны тұрақтандыру (төмендету) мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің атына мұнай өнімдері нарығындағы делдалдарды жою бөлігінде «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы ұсыныс жіберілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында (бұдан әрі - ҮИИДМБ) бекітілген бәсекелестікті дамыту жөнінде қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында отандық МӨЗ-ді жаңғырту және қайта құру көзделген.

#### **Әдебиеттер:**

1. Лифшиц И.М. Конкуренция и конкурентноспособность». - Минск: ООО "Новое знание", 2001 – 111с.
2. Раздорский О.С. Оценка и повышение конкурентноспособности товаров Самара 2002 – 88с.
3. ОАО «Лукойл» Отчет о деятельности 2014 г.

## **НАРЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ЖӘНЕ ФИРМАНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ БАЙЛАНЫСЫ**

***Құраш Н.П., Тлесова Э.Б.***

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,  
Қазақстан Республикасы

E-mail: naz-9393@list.ru, T.ilvira@mail.ru

Қазіргі уақытта елімізде бәсекеқабілетті өнімдерді өндіруге негізделген жаңа ақпараттық технологияларды игеру, республикамыздың индустрия және ғылыми техникадағы әлеуетін дамыту басты стратегиялық міндеттердің бірі болып отыр. Әлемде инновациялық қызмет экономикалық өсу мен бәсекеқабілеттілікті қамтамасыз ететін